



«Тілім менің тірегім!» тәрбие сағаты

Дайындаған және өткізген:
«Құлышақ» тобының
тәрбиешісі Ж.К.Курмашева

Тақырыбы: Тіл – ұлт тірегі.

Тәрбиеші: Құрметті балалар, бүгін сіздер тілдер күніне арналған тәрбие сабағымызға қош келіпсіздер!

Тәрбие сағатымыздың мақсаты балаларды туған тілін сүйуге, оны қорғауға, туған тілінің құдіретін сезінуге, ана тілін, өзге ұлттардың тілдерің қастерлеуге тәрбиелеу.

Тіл қай ұлтта да, қай елде де қастерлі ұғым, ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Тәрбие сағатымызды ән ұраннан бастайық. Ән ұран: барлық балалардың орындауында. Тәрбиеші: Балалар, бізге қонақ келіпті. Қонақ неміс тілінде сөйлейді.

Гутэн таг! Мен Германиядан келдім!

Кешірініздер мен қазақша сөйлей алмаймын. Қазақша үйренуге келдім.

Тәрбиеші: Балалар, қонақпен амандасайық.

Балалар: Сәлеметсіз бе?

Тәрбиеші: Сіз бізге өзіңіздің туған жеріңіз туралы айтып беріңізші?

Қонақ: Германия өте әдемі, шағын мемлекет.

Бас қала-Берлин

деп аталады. Табиғаты өте әдемі. Мен өзімнің туған жерімді сүйемін.

Тәрбиеші: Рахмет. Сіз қазақ тілін үйреніп жүрсеңіз бізде тіл

апталығына арналған ертеңгілік өтіп жатыр. Қонақ болыңыз!

Біздің балалар Қазақстан туралы сізге айтып береді.

Тәрбиеші: Балалар, біздің отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Тәрбиеші: Біздің елордамыз қалай аталады?

Балалар: Нұрсұлтан.

Тәрбиеші: Балалар, адамға тіл не үшін керек? (Балалардың жауабы)

Тәрбиеші: Дұрыс, тіл адамдарға бір-бірімен тілдесуге, сөйлеу

үшін керек. Тіл арқылы адамдар бір-бірімен қарым-қатынаста

болады. Біздің Республикамыз Қазақстанда көп ұлттар тұрады,

олардың барлығы тату-тәтті өмір сүреді.

Жүргізуші: Балалар қандай ұлттарды білесіңдер?

(Балалардың жауабы.)

Тәрбиеші: Дұрыс, айтасындар, балалар. Осы халықтар Қазақстанда

тұрса да өз тілдерінде еркін сөйлесе алады.

Бірақ Қазақстан Республикасында тұрғаннан кейін, біздің мемлекеттік тіліміз- қазақ тілі

болып есептеледі. Осы тілді біз білуіміз керек, құрметтеуіміз керек.

Қазақ тілі – қазақтың ана тілі,

Бірақ оған адам аз бас иетін.

Қазақ тілі – қазақтың дара тілі,

Кейбіреулер түсінбес қасиетін.

Ал, қазір, балалардың тіл туралы, біздің

Отанымыз туралы тақпақтарын тыңдайық.

Тілінді үйрен күнде сен,

Ол іс емес жай ғана.

Өз тілінді білмесең,

Білгішпін деп ойлама.

Ана тілің, арың бұл.

Ұяттың боп тұр бетте.

Өзге тілдің, бәрін біл.

Өз тілінді құрметте.

Отан – сенің ата-анаң,

Отан – досың бауырың.

Отан - өлкең астанаң

Отан – аудан, ауылың.

Ересек топтың балаларының орындауында.

Қонақ: Маған өте ұнады. Жарайсындар

балалар! Сендердің өнерлеріңді көрдім,

рахмет сендерге. Сау болындар, балалар!

(Балалар қонақпен қоштасады)

Тәрбиеші: Балалар, тақтадағы суретке назар аударайықшы.

Бұл күліп тұрған күннің көзі.

-Не жетіспейді?

Балалар: Күннің шуағы жетіспейді.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар. Олай болса,

сұрақтарға жауап беріп,

күннің шуағын толықтырып жапсырайық.

Балалардың жауабы:

1. Тіл не үшін керек?

2. Біздің отанымыз?

3. Елордамыз қалай аталады?

4. Қазақстанда қандай ұлттар тұрады?

5. Біздің ұлтымыз қандай?

6. Біз қай тілде сөйлесеміз?

7. Біз әртүрлі ұлттармен қалай тұрамыз?

Балалар күннің шуағын толықтырады.

Тәрбиеші: Балалар, қарандаршы, күннің көзі

күлімдеп шуағын шашып, нұрланып шыға

келді.

Ана тілім – қазақ тілім туған тіл,

Қасиетті тіліміздің бәрін біл.

Ана тілді құрметтендер адамдар,

Заманға сай өзге тілдің бәрін біл.

«Тіл- ұлт тірегі» атты тәрбие сағатымыз

осымен аяқталды.

